

ҰЛТ ҚҰРЫЛЫСЫ ПРОЦЕСІ: ТАРИХИ МАҢЫЗЫ МЕН МЫСАЛДАРЫ

¹ Д.С. Калиев, ² А. Вентсель

АНДАТПА

Мақалада автор қазіргі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы әлі де болса зерттеуді қажет ететін процестердің бірі – ұлт құрылысы мәселесін зерттейді. Атап айтқанда, бұл проблеманың қазіргі ғылымдағы зерттелу деңгейі мен оның өзектілігін айқындап, «ұлт құрылысы» ұғымының мән-мағынасын ашып көрсетеді. Оған қоса оның теориялық мәселелерін қарастырып, салыстырмалы талдаулар жасайды. Автор Қазақстанның ұлт құрылысы ерекшелігіне тоқталады. Сонымен қатар автор мақаланың негізгі бөлігінде әлемдік тәжірибедегі ұлт құрылысы процесінің тарихи мысалдарына шолу жасау арқылы, олардың негізгі ерекшеліктері мен сипатын, жалпы тенденциялары мен барысын қарастырады. Сондай-ақ ұлт құрылысы мәселесінің тарихи маңызын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде ұлттың ұлт болып қалыптасуы мемлекеттің белгілі бір мақсаттағы әрекеттерінің жиынтығымен жүзеге асырылатындығы байқалды. Посткеңестік елдердің ұлт құрылысында аумақ, жердің маңыздылығы анықталды. Автор зерттеу мәселесі бойынша келтірілген мәліметтерді өңдеу барысында салыстырмалы талдау жасау арқылы проблемаға тереңірек үңілуге мүмкіндік алды. Ал ұлт құрылысының тарихи мысалдарының ортақ тенденцияларын жалпылама әдісі арқылы қарастыра алды. Жұмыстың нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылар Қазақстандағы ұлт құрылысына байланысты ғылыми жұмыстардың жазылуына және оны әрі қарай зерттелуіне септігін тигізеді.

Түйін сөздер: ұлт құрылысы, ұлт, тарихи мысал, тарихи маңызы, Геллер, Б. Андерсон, теория.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Тарту университеті, Тарту, Эстония

Автор-корреспондент:
Калиев Д.С.
Dosekenty@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Д.С. Калиев,
А. Вентсель.
Ұлт құрылысы процесі:
тарихи маңызы мен
мысалдары // Адам әлемі. –
2022. – No. 2 (92).
– Б. 102-115.

Процесс нациестроительства: историческая значимость и примеры

Аннотация. В статье автор исследует проблему нациестроительства, которая считается одной из тех процессов, которые еще требуют изучения в современной общественно-гуманитарной науке. В частности, он определяет степень изученности проблемы в современной науке и ее актуальность, раскрывает смысл понятия «нациестроительство». Кроме того, рассматривает его теоретические проблемы и делает сравнительный анализ. Также автор в основной части статьи рассматривает их основные особенности и характер, общие тенденции и ход, путем обзора исторических примеров процесса нациестроительства в мировой практике. Автор исследовал особенности национального строительства Казахстана. Также показывает историческую значимость проблемы нациестроительства. В результате исследования было отмечено, что формирование нации как нации осуществляется совокупностью действий государства в определенных целях. Была определена важность территории и земли в нациестроительстве постсоветских стран. Автор получил возможность углубиться в про-

блему путем проведения сравнительного анализа в ходе обработки данных, приведенных по проблеме исследования. А с помощью обобщающего метода удалось выделить общие тенденции исторических примеров национального строительства. В конце статьи на основе полученных результатов автор предлагает собственные итоговые выводы. Результаты этой работы способствуют дальнейшим исследованиям и научным работам, связанным с нацие-строительством в Казахстане.

Ключевые слова: нациестроительство, нация, исторический пример, историческая значимость, Геллнер, Б. Андерсон, теория.

The Nation-Building Process: Historical Significance and Examples

Abstract. In the article, the author explores the problem of nation-building, which is considered one of those processes that still require study in modern social and humanitarian science. In particular, the author determines the degree of study of the problem in modern science and its relevance, revealing the meaning of the concept of «nation-building». In addition, the researcher examines its theoretical problems and makes a comparative analysis. Also, in the main part of the article, the author examines their main features and nature, general trends and course, by reviewing historical examples of the nation-building process in world practice. The author investigated the peculiarities of the national construction of Kazakhstan. It also shows the historical significance of the problem of nation-building. As a result of the study, it was observed that the formation of a nation as a nation is carried out by a set of actions of the state for a certain purpose. The author investigated the peculiarities of the national construction of Kazakhstan. The author had the opportunity to delve deeper into the problem by performing a comparative analysis in the process of processing the data provided on the research problem. And by the method of generalization, he was able to distinguish the general trends of historical examples of nation-building. At the end of the article, based on the results obtained, the author offers his own final conclusions. The results of this work contribute to further research and scientific work related to nation-building in Kazakhstan.

Key words: Nation-Building, Nation, Historical Example, Historical Significance, Gellner, B. Anderson, Theory.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдық және гуманитарлық ғылымдағы ең өткір мәселелердің біріне ұлт құрылысы процесінің проблемалық аспектілерін жатқызуға болады. Мақалада этнос, ұлт, ұлттық бірегейлік, ұлт құрылысының негізгі бағыттары примордиалистік, конструктивтік мәселелері қарастырылмайды. Ұлт құрылысы процесі, оның маңызы талданады.

Ұлт құрылысының тарихи мысалдарына талдау жасау арқылы прагматикалық болжамдар мен тұжырымдар жасау өте маңызды, өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз. Оның себебін бірнеше факторлармен түсіндіруге болады.

Ең алдымен аталған процестің өзіндік ерекшеліктері мен маңызының, сондай-ақ жүргізілу сипатының біржақты болмауына назар аударамыз. Себебі ұлт құрылысы процесінің мақсаты мен барысы, нәтижесі мен

салдары барлық тараптың мүдделеріне сай келе бермеуі мүмкін. Оған қоса ұлт құрылысына қатысты ұстанымдар мен оны идеологиялық, психологиялық, ментальдық, тағы да басқа тұрғыдан қабылдау ерекшеліктері де түрлі болуы ғажап емес. Ал субъективтілік пен объективтілік сипаттары бұл проблеманы одан әрі күрделендіре түседі.

Екіншіден, ұлт құрылысы мәселесі XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік отарлық жүйе күйреген соң, әсіресе, КСРО ыдырап, көптеген мемлекеттер тәуелсіздіктерін алғаннан кейін бұл тақырып қайта бір «серпін» алғаны анық. КСРО құрамында болған елдердің ұлт құрылысында өзіндік ерекшеліктер бар. Бұрынғы отар елдер егемендіктеріне қол жеткізіп, кейбір мемлекеттерде ұлт құрылысы мәселесі «күн тәртібіне» шыққаны немесе қайта шыққаны белгілі. Сондықтан да аталған процесті қазіргі күні қайта қарау қажеттіліктері туындап отыр.

Үшіншіден, ұлт құрылысын қазіргі таңда жаңаша көзқарастар мен құндылықтар контекстінде қарастыру керек. Қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі соңғы ғылыми парадигмалар мен концепциялар шеңберінде аталған процесті қарастыру арқылы біз оның негізгі мәні мен сипатын, маңызын басқаша қырынан байқаймыз. Оған тарихи баға беріп қана қоймай, прагматикалық тәжірибелер де аламыз.

Төртіншіден, ұлт құрылысы процесін зерттеу пәнаралық байланыста ғана толыққанды жүзеге асатынын ескеруіміз қажет. Әр түрлі ғылыми тәсілдер мен мәліметтерін келтіру арқылы ғана оның нағыз сипатын аша аламыз. Ал бұл өз кезегінде аталмыш зерттеу проблемасының өзектілігін одан әрі айқындай түседі.

Әлемде ұлт құрылысы процесс ретінде ешқашан аяқталған емес, этнос, ұлт, мемлекет мәселелері әрқашан сұрақ туындатқан өз шешімін таппаған десе болады. Қазақстанда азаматтық бірегейлік, ұлтшылдық, ұлтаралық конфликт салалары ең өзекті тақырыптарының бірі болып саналады. Ұлттық бірегейлік, ұлт құрылысы, азаматтық қоғам, этносаралық келісім, ұлттық құрылыс мәселелері зерттеу жүргізіп келе жатқан отандық ғалымдар Р.Қ. Қадыржанов [1], М.Ж.Сеңгірбай [2], Н.И. Айтымбетов [3], Ә.Н.Нысанбаев [4], В.Ю. Дунаев [5], С.Ш. Мұсатаев [6], Д. Құдайбергенова [7], Ә.Б. Асылтаева [8] т.б. еңбектерінде осы ұлт құрылысын зерттеуде ерекше үлес қосты. Сонымен қатар, Қазақстанның ұлт құрылысын қалыптастыруда тарихи аспектілерін қарастырған К.М. Байпақов [9], М.Қ. Қойгелдиев[10], Н.М. Масанов[11], Х.А. Арғынбаев[12] және тағы басқа ғалымдарды айтып өтсе болады.

Десе де, жоғарыда көрсетілген зерттеушілер ұлт құрылысы мәселесін тікелей зерттеу нысаны ретінде алмады. Ғылыми айналымда бар зерттеулер батыс тілдерінде, одан қалса орыс тілінде кеңірек қарастырылғанымен, қазақ тіліндегі ізденістерде өте кенже қалып келуде. Тіпті, қазақ тілді ғылыми еңбектерде аталған процестің атауының өзі жөнді бірізділікке салынбағанын байқауға болады. Ресми сөздіктерде ағылшын тілінде «Nation building» (орыс тіліндегі «Нациестроительство») деген

атаумен белгілі бұл процестің қазақша баламасын табу да қиын. Ал интернет желілеріндегі жекелеген қазақ тіліндегі ізденістерде «ұлт құраушылық», «ұлт құрылысы», «ұлт құрау» деген сияқты әр түрлі атаулармен кездесуде. Бұның бәрі мәселенің өзектілігін арттыра түседі. Сондықтан да бүгінгі таңда ұлт құрылысы мәселесін қарастырып, оған тарихи баға беру отандық ғылым үшін өте маңызды екені сөзсіз. Мақалада автор жалпы ұлт құрылысы туралы зерттеушілердің көзқарастарын, әр елдің тарихи кезеңдердегі ұлт құрылысы мәселелерін, сонымен қатар Қазақстанның ұлт құрылысындағы ерекшелігін сипаттайды.

Зерттеу әдіснамасы

Аталған тақырып бойынша зерттеу жүргізу барысында тақырыпты ашу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер кешені қолданылды. Ең алдымен ғылымилық принципті сақтай отырып, жүйелік әдіс қолданылды. Яғни, мәселенің қойылуы мен ұсынылуы белгілі бір логикалық байланыста жүзеге асырылды.

Оған қоса мәселенің зерттелу деңгейін қарастыруда ұлт құрылысы процесіне қатысты іргелі зерттеулер хронологиялық ретпен зерделенді. Бұл белгілі бір деңгейде осы проблемаға қатысты теориялық мәселелердің динамикалық өзгерісін айқындауға мүмкіндік берді. Дәл осы тәсіл ұлт құрылысына қатысты тарихи мысалдарға да қолданылды. Нәтижесінде проблеманың жүйелігі сақталды.

Сонымен қатар зерттеу мәселесі бойынша келтірілген мәліметтерді өңдеу барысында салыстырмалы талдау жасау проблемаға тереңірек үңілуге мүмкіндік берді. Ал жалпылама әдісі арқылы ұлт құрылысының тарихи мысалдарының ортақ тенденциялары ажыратылды.

Нәтижесінде зерттеудің негізгі бөлімінде келтірілген аргументтер мен фактілер ой елегінен өткізіліп, қорытынды тұжырымдар жасалынды.

Талқылау

Ұлт құрылысы мәселесіне қатысты ғылыми ойлардың алғашқы легіне 1882 жылы Париждегі Сарбоннада өткен конференцияда атақты фило-

соф ғалым Эрнест Ренан ұлт құрау мәселесіне қатысты жасаған баяндамасын атауға болады. «Ұлт дегеніміз не?» («What is nation?») атты еңбегінде автор тарихтағы ұлт құрау мысалдарына талдаулар жасады. Әсіресе, еуропалық ұлттардың құрылуындағы негізгі факторларды атап, бұл процестегі саяси ойлар мен идеологияның, тіл мен діннің, ортақ территория мен басқа да біріктіруші күш ретінде қарастырылатын факторларға тоқталып, нақты мысалдар келтірді. Осылайша ұлт құрылысының еуропалық үлгісінің басты ерекшелігін көрсетті. Оның ойынша, «ұлт құраудағы еуропалық тәжірибенің ең бірегей элементі ретінде нәсілдер, шығу тектер мен діндердің өзара араласуын атауға болады». Бұл жерде Эрнест Ренан еуропалықтардың өздері жаулап алған түрлі халықтардың діндерін қабылдап, олардың әйелдеріне үйленуін жарқын мысал ретінде көрсетеді [13, б. 41].

Дегенмен Эрнест Ренан ұлт құрылысы процесін барынша жан-жақты сипаттауға тырысқанымен, оның зерттеуінің теориялық негіздемесі жоқтың қасы екенін мойындауымыз керек. Ғалым тек аталған процестің ерекшеліктері мен тарихи мысалдарын көрсетумен ғана шектелгені белгілі. Қалай дегенмен де, аталған еңбек ұлт құрылысы процесін зерттеуге арналған еңбектердің жазылуына өзіндік септігін тигізгені сөзсіз.

Әлемдік ғылымда ұлт құрылысына қатысты тәжірибелер мен мысалдарды зерттеу мен оларға ғылыми сипатта әрі тарихи баға беру үрдісі XX ғасырдың екінші жартысында кеңінен етек алды. Ол көптеген зерттеушілердің назарын аудартып, ең бастысы, пәнаралық сипатта қарастырыла бастады. Аталған тақырып бойынша тарихшылар, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар, антропологтар мен басқа да гуманитарлық бағыттағы ғылым өкілдері кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады.

Солардың алғашқы қатарына атақты ағылшын философы әрі әлеуметтік антрополог ғалымы, Лондон экономика мектебі мен Кембридж университетінің профессоры Эрнест Андре Геллнерді жатқызуға толық негіз бар. Ол әлемдік ғылыми қауымдастықта ұлт феноменін кешенді түрде зерттеген ғалымдардың бірі. Оның ұлт пен ұлтшылдық туралы жүргізген

іргелі зерттеулері Будапешт қаласындағы Орталық Еуропа университеті жанынан Ұлтшылдықты зерттеу орталығын ашуға да себеп болған.

Геллнер өз зерттеулерінде ұлт құрылысы мәселесін де айналып өтпеген. Тіпті аталған проблема бойынша өзіндік теориясын ұсынды. Ол бойынша: «Екі адам бір-бірінің бір ұлтқа жататынын мойындаған жағдайда ғана олар бір ұлтқа жатады. Басқаша айтқанда, ұлтты адам құрайды; ұлттар – ол адамдардың сенімдері, құмарлықтары мен бейімділіктерінің жемісі» делінген [14, б. 35].

Сондай-ақ, Геллнердің айтуынша, ұлтшылдық сезімі ұлтты құрауға әкеледі. Бұл жерде ғалым «мәдениет» және «индустриализм» сияқты категориялар арқылы ойын түсіндіреді. Атап айтқанда, индустриализмнің алғашқы шағында әлі де болса азаматтардың басым бөлігі білімді болмай тұрғанда шағын мәдениеттердің тұтастай үлкен бір мәдениетке бірігулері ұлттың құралуына себепкер болды. Автор индустриализмнің жетістіктерін меңгерген, салыстырмалы түрде білімі мен мәдениеті жоғары адамдар тобы өздерін индустриализмге жаңа қадам басқандардан бірте-бірте алшақтай бастайтынын айтады. Осылайша сословиелік бөліністің орнына таптық құрылым келеді. Міне, осы таптың қалыптасуымен ұлт саяси тұрғыдан саналы әрі белсенді болады, яғни, өздерінің ұстанымдарын бір тілде жеткізеді.

Сонымен қатар Геллнер ұлт құраудың төменнен жоғары қарай жүретін механизмі туралы да айтады. Оның мәлімдеуінше, қоғамда салыстырмалы түрде білімі мен мәдениеті жоғарылардан жәбір көрген таптар өздерінің ұлтын құрауды ойластыра бастайды. Бұл жерден автордың осы ойы шеңберлік сипатта екенін аңғарамыз [15, б. 126].

Осы ретте айта кететіні, Геллнердің ұлт құрылысы бойынша ұсынған формуласына қарсы пікірлер де жоқ емес. Атап айтқанда, Геллнер алдымен экономикалық модернизация жүріп, ол өз кезегінде ұлт құрылысына әсер етеді деген болса, осы ұстанымға қарсы атақты ағылшындық ғалым Эрик Хобсбаум өз ойын білдірген. Оның ойын-

ша Геллнердің бұл марксистік теорияға негізделіп жасаған тұжырымы әмбебап емес, ол барлық ұлт құрылысына қатысты мысалдарды түсіндіруге келмейді. Бұған жарқын мысал ретінде Э. Хобсбаум Балқан түбегі мен Ресейдегі ұлт құрылысы процестерін келтіріп, олардың механизмдерін зерттей отырып, аталған аймақтардағы ұлт құрылысы үрдістері Геллнер ұсынған сұлбаға қарама-қарсы жүргенін айтады: яғни алдымен экономикалық емес, ұлт құрылысы орын алған, ал экономикалық модернизация содан кейін ғана жүзеге асқан [16, б. 23].

Сондай-ақ, әлемдік ғылымда ұлт құрылысы мәселесіне қатысты іргелі теориялық зерттеулер жүргізген ғалымдардың тұжырымдарына талдау жасау барысында атақты ғалым Бенедикт Андерсонның ғылыми ізденістерін айналып өту мүмкін емес. Оның 1983 жылы жарық көрген атақты «Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism» еңбегінде автор қауымдастықтардың екі түрін көрсетеді. Ол бойынша, бірінші түрге шынайы, нақты қауымдастық жатады. Бұл дегеніміз, яғни, көзбен көріп, физикалық, географиялық тұрғыдан көре алатын қауымдастықты айтады. Мысалы, бұл категорияға ауылдық елдімекенде тұратын халықты ауылдық қауымдастық, қалалық жерлердегі қалалық қауымдастық сияқты нақты белгілерді атайды.

Ал екінші түрдегі қауымдастыққа – елестетілген қауымдастықтар жатады. Оған, мемлекет, ұлт сияқты қауымдастықтарды жатқызады. Яғни, мысалы алсақ, біз ешқашан Франция мен Англияны көре алмаймыз, біз тек ол мемлекеттерге қатысты белгілі бір атрибуттарды ғана көре аламыз да, өзіміздің елестету қабілетіміз арқылы сол мемлекеттерді көрген болып елестетеміз. Немесе дәл осындай мысалды ұлтқа да қатысты атауға болады. Яғни, белгілі бір ұлтты тікелей көре алмаймыз, тек біз ол ұлтқа қатысты белгілер мен ерекшеліктерді (ұлттық киімдер, ұлттық ойындар, т.б.) ойша құрап, сол арқылы ұлтты көре аламыз. Осылайша, Б. Андерсонның тұжырымдары бойынша, аталған категорияларды біз тек елестету арқылы, оларды қауымдастық ретінде көреміз [17].

Міне, осы ретте елестетілген қауымдастық пен ұлт құрылысының бір-бірімен сабақтас, өзара байланысты ұғым екенін байқаймыз. Сондықтан да, атақты ғалым Б. Андерсон ұлтты осы елестетілген қауымдастықтардың бірі ретінде қарап, ұлт құрылысы мәселесіне де қатысты қызықты ойларын келтіреді. Атап айтқанда, өзінің еңбегінің негізгі бөлігінде ғалым Еуропа мен Америкадағы XVIII—XIX ғасырлар тоғысындағы діни дағдарыс туралы айтып, оның орнына ұлт мәселесі алдыңғы қатарға шыққанын айтады. Осылайша ұлт ретіндегі елестетілген қауымдастықтар қалыптаса бастады. Бұл ретте, автордың айтуы бойынша, аталған үрдіске екі фактор үлкен әсер етті.

Бірінші фактор ретінде Б. Андерсон неміс теоретигі Вальтер Беньяминнің «Тарих философиясы туралы тезистеріне» сүйене отырып, уақытты қабылдау ерекшеліктерінің өзгергенін атаса, екіншісіне – баспа капитализмін жатқызады. Яғни, ғалымның айтуы бойынша, баспа ісінің дамуымен, кітап, газет-журналдардағы баспа тілінің қалыптасуымен, адамдар өздерін бір ұлтқа жатқызып, өздерінің бір-бірлеріне қатынастарын анықтай бастады. Бұның бәрі олардың елестету ерекшеліктерінен туындады. Сондықтан да Б. Андерсон ұлт құрылысы мәселесін осылай сипаттай келе, оның нақты анықтамасын тұжырымдап беруге тырысады. Ол бойынша, ұлт құрылысы адамдардың өздері елестету арқылы белгілі бір шектелген, біртекті және сонымен қатар тәуелсіз қауымдастық құрау процесі деп көрсетеді [18, б. 17].

Сонымен қатар ұлт құрылысы мәселесінің тарихи мысалдары американдық әлеуметтанушы Роджерс Брубейкердің де еңбектерінде көрініс табады. Р. Брубейкер өзінің ұлтшылдық пен патриоттық сезімдері туралы зерттеулерінде ұлт құрылысын да сипаттап, оның постколониялық елдердегі маңызын атап көрсетеді. Атап айтқанда, ғалым бұрынғы отар мемлекеттер өздерінің тәуелсіздіктерін алған соң құрамындағы діндері мен тілдері, түрлері мен ділдері бөлек халықтарды ұлт ретінде құрауы үшін аталған ұлттық саясатты жүргізетіні туралы айтады [19, б. 91].

Ал швейцариялық тарихшы Урс Аль-

терматт болса Еуропа елдеріндегі ұлт құрылысы процесітерін сипаттап, оның түпкі тамырын XIX ғасырдың екінші жартысымен байланыстырады [20, б. 155-158].

Сондай-ақ, ұлт құрылысының теориялық мәселелері бойынша XXI ғасырдың бас кезінде жазылған іргелі еңбектерге Джордж Вашингтон университетінің жетекші саясаттанушы ғалымы Харрис Милонастың «The Politics of Nation-Building: Making Co-Nationals, Refugees, and Minorities» және Колумбия университетінің ғалымы Андреас Виммердің «Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart» зерттеулерін атауға болады. Бұл аталған екі автор да өз еңбектерінде ұлт құрылысы процесіне қатысты өздерінің тұжырымдарын ұсынады.

Харрис Милонас өзінің еңбегінде I Дүниежүзілік соғыстан кейінгі Балқан түбегіндегі ұлт құрылысы процесін кешенді зерттеп, соның негізінде өзінің қорытынды тұжырымын жасайды. Ол бойынша, ұлт құрылысы дегеніміз мемлекеттің көпшілік бөлігін құрайтын топты құру процесі болып табылады [21, б. 17].

Ал Андреас Виммер болса, ол өзінің кітабында ұлт құрылысы мәселесін көбінесе мемлекет құрылысы ұғымымен байланыстырып, оның басты қозғаушы күшінің бірі ретінде ортақ тілді меңзейді. Яғни, ортақ тілдік ерекшеліктер арқылы адамдар тобы белгілі бір ұлтқа тиесілі болып, ұлтты құрайды. Ол кейіннен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға себепкер болады деген ойды айтады [22, б. 91-94].

Жоғарыда келтірілген еңбектердің барлығы ұлт құрылысы процесінің жалпы теориялық-методологиялық мәселелерін қарастырып, айшықты тұстарын айқындаса, оған қоса ұлт құрылысының аймақтық көріністері мен мысалдары арқылы оның ерекшеліктері мен сипатын ашуға тырысатын еңбектер де кездесетіні белгілі. Сондай-ақ ұлт құрылысы мәселесін тікелей зерттеу нысаны ретінде алмай, тек «ұлт», «ұлтшылдық», «ұлттық бірегейлік» сияқты мәселелер барысында қарастырған зерттеушілер де бар. Бұл ойымызға мысал ретінде К. Калхун [23], Дж. Комаров [24], М. Хрох [25], Ю. Хабармас [26], Э. Хобсбаум [27], О. Бауэр [28], К. Вердери [29] сияқты ғалымдардың еңбектерін келтіруге болады.

Осылайша, осы аталған зерттеулерді қарастыра келе, олардың ойларының алуан түрлігіне мән береміз. Оған қоса, барлық дерлік ғалымдар мысал ретінде батыстық ұлт құрылысы процесін қарастырғанын естен шығармауымыз керек. Сондықтан бұл белгілі бір деңгейде еуроцентристік көзқараста қалыптасқан ойлар деген ұстанымды жоққа шығармаймыз. Алайда, солай бола тұра бұл теориялық тұжырымдардың ұлт құрылысы мәселесі бойынша іргелі еңбектер екені сөзсіз.

Зерттеу нәтижелері

Жалпы ұлт құрылысы өте күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі. Оның анықтамасына сай, ұлт құрылысы мемлекеттік ресурстарды пайдалана отырып, оның тікелей араласуымен ұлттық бірегейлікті құрау мен құрылымдау үрдісі болып табылады. Демек, ұлттың ұлт болып қалыптасуы мемлекеттің белгілі бір мақсаттағы әрекеттерінің жиынтығымен жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, мемлекет белгілі бір адамдар тобын ұлт ретінде біріктіру үшін көптеген әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдаланады. Қазіргі заманғы мемлекетпен байланысты үдерістер, әкімшілік орталықтандыру, статистикалық деректерді жинау, салық салу, тілдік стандарттау, орталықтандырылған білім беру жүйелері, әскери және күштік құрылымдар ұлтты құру немесе өзгерту мүмкін. Ұлттық символдар ретінде қарастырылатын ұлттық әнұран, ту, ойындар мен салт-дәстүрлер, мейрамдар мен халық ауыз әдебиет материалдарын құрау ұлт құрылысына жатады. Оған қоса білім беру мен әскери бойрыш өтеу арқылы, халық санағын жүргізу мен ұлттық мейрамдарды құру, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктерді насихаттау арқылы мемлекет тарапынан ұлт құрылысы процесі жүзеге асырылуы мүмкін.

Тарихтан білетініміздей, әлемдік тәжірибеде ұлт құрылысы процесі орын алған оқиғалар жеткілікті. Осы тарихи мысалдарды талдап, оларға ғылыми тұрғыдан баға беру қазіргі кезде өте өзекті. Сондықтан да төменде осы аталған процеске қатысты әлемдік тәжірибелерге талдау жасаймыз.

Жалпы ұлт құрылысының әлемдік тарихта мысалдарының жеткілікті екені

сөзсіз. Бұл әсіресе XIX-XX ғасырлардағы еуропалық елдердің тарихтарында жарқын көрініс табады. Осыған байланысты ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына байланысты зерттеулер жүргізген атақты американдық тарихи әлеуметтанушы Чарльз Тилли: «барлық дерлік еуропалық елдер ақыры соңында өздерінің халықтарын біртектілендіруге бағытталған қадамдар жасады: олар мемлекеттік дінді қабылдады, азшыл топтарды жойды..., ұлттық тілді қалыптастырды, ең соңында бұқаралық қоғамдық үйретулерді ұйымдастырды» деп ойын айтты [30, б. 75-78]. Атақты британдық тарихшы Эрик Хобсбаум да осы кезеңдерге қатысты алдыңғы пікірге ұқсас ой айтып, «елді басқарушылар мен ақсүйектер өздерінің ресми және мәдени тілін қоғамдық білім беру мен басқа да әкімшіліктік механизмдер арқылы мемлекеттің қолданыстағы нақты тіліне айналдыруға барынша тырысып бақты» деп ойын айтқан болатын [31, б. 151]. Бір қызығы, осы аталған шараларды еуропалық елдер ішкі саясатында жүзеге асыруға тырысқандарымен, олар өздерінің отарларында бұл саясаттарын мүлдем қолға алмады [32].

Сонымен ұлт құрылысының тарихи көріністеріне талдаулар жасағанда, бірінші кезекте, ойымызға бірден еуропалық елдердің тарихындағы мысалдар келеді. Әсіресе, бұл XIX ғасырдағы Франция мен Италияда орын алған ұлт құрылысы процестері ерекше назар аудартады.

Алдымен Франциядағы жағдайды алып қарайық. XVIII ғасырдың аяғында Францияның халқы тілдік тұрғыдан әр түрлі тілдерде сөйледі: ел ішінде түрлі тілдер мен диалекттер қолданылды. Ал француз тілінде сөйлейтін француздардың саны өте аз болды. Э. Хобсбаумның мәліметінше, Француз буржуазиялық революция кезінде француздардың тек 12-13 %-ы ғана француз тілінде сөйледі. Балалардың жартысынан көбі үшін француз тілі шетел тілі іспеттес болды. Сондықтан жағдайды оңалтпаса болмайтын болды. Бұл, тіпті, мемлекеттікке төнген қауіп ретінде қарастырылды. Осылайша, «француз азаматын», «француз ұлтын» қалыптастыру үшін мемлекеттің араласуы керек болды. Сол мақсатта білім беру жүйесін мемлекеттің бақылауына

өткізіп, бастауыш мектепте білім алуды жалпыға міндетті қылды; мектеп пен діни қызметтерде, әкімшілік басқаруда «ұлттық» тілден басқа тілдерге шектеу қойылды; міндетті әскери қызмет енгізіп, елдің түкпір-түкпіріндегі азаматтардың өзара сіңісіп кетуіне жағдайлар жасады; жолдар мен теміржолдар желілерін жақсартты. Осылайша, біртұтас француз халқының, француз ұлтының құрылуына байланысты шараларды атқарды.

Ал XIX ғасырдағы Италиядағы ұлт құрылысы мәселесі де ерекше қызығушылық тудыртады. Себебі 1860-жылдары Италияның халқы француздар тәрізді әр түрлі диалекттерде сөйледі. Британдық атақты зерттеуші Кристофер Дагганның мәліметінше, бұл кезде итальян тілінде сөйлейтін халықтың үлес салмағы шамамен 10 %-ды ғана құрады [33, б. 289]. Міне, осы кезде Италияның бірігуіне ат салысушы мемлекеттік қайратке Массимо д'Адзельо өзінің атақты «Біз Италияны құрдық, енді италиялықтарды құруымыз қажет» деген қанатты сөзін айтқан болатын [34, б. 101]. Осылайша, италиялық билік те ұлт құрылысы мәселесіне белсенді кірісіп, түрлі реформалар жасауға тырысады. Франция сияқты бұл елде де тіл саясатына қатты көңіл бөлінеді. Италияндық тілдің көптеген диалекттерінің ішінен тоскандық диалект таңдалынып алынады да, тілдік жүйе бірізділікке салына бастайды.

Ал осы атқарылған шаралардың ішіндегі ең сәтті жүзеге асырылғаны әскери реформалар болғаны сөзсіз. Себебі жалпыға бірдей әскери міндеттілік енгізу арқылы италиялық әскерді қалыптастыра бастады, ал ол өз кезегінде, италиялықтарды құруға жол ашты. Осыған мысал ретінде атақты қолбасшы Джузеппе Гарибальдидің досы Джузеппе Герцонидің 1879 жылы конференцияда сөйлеген сөзін келтіруге болады. Ол бойынша, Герцони: «Италияны құру арқылы, біздің әскер италиялықтарды құрайды» деп мәлімдеген [33, б. 283]. Сондықтан да болар, италиялықтарды құруда әскердің рөлі ерекше болды. Италияның бір бұрышынан әскерге алынған азамат әдейі елдің басқа бір жағына жіберіліп, өзара араласу болдырды. Осылайша құрылған әскери бөлімшелер түрлі

аймақтардан келгендерден құралды. Бұл италиялық ұлт құрылысын барынша тездетті.

Осылайша, осы жоғарыда аталған екі мысалдан көріп тұрғанымыздай, француздардың ұлт ретінде құралуына бастауыш мектеп мәселесі мен тіл саясаты басты фактор болса, италиялықтардың бірігуінде тілмен қоса әскери қызметке байланысты міндеттілік үлкен рөл атқарды. Сонымен қатар осы XIX ғасырдың екінші жартысында басқа да еуропалық мемлекеттерде ұлт құрылысы процесінің орын алғанын білеміз. Олардың бірігуінің факторлары әр түрлі болды. Осыған байланысты Эрнест Ренан 1882 жылы Сорбоннада сөйлеген сөзінде Голландия, Швейцария, Бельгия сияқты мемлекеттерде ұлт құрылысы қалай жүргенін айтып, олардың жекелеген провинцияларының өздерінің тікелей ниет білдіруінен ұлт ретінде олар қалыптасты деген ойды айтады. Бір қызығы, аталған мемлекеттердегі ұлттар өздерінің тілдік айырмашылықтарына қарамастан ұлт ретінде құралса, оларға қарағанда тілдік немесе басқа ерекшеліктері бойынша біртекті болып келетін Австрия, Парма, Ганновер халықтары ұлт ретінде құралмай жатқаны туралы ойын білдіреді [13, б. 44].

Сонымен қатар ұлт құрылысы процесі XX ғасырда да жалғасын тапты. Әсіресе, XX ғасырдың бірінші жартысында бұл үрдіс кеңінен етек алды. Бұл кезде ұлт құрылысы көбінесе қандай да бір идеологиялық жүйе шеңберінде және әлемдік диктаторлардың тікелей ұйытқы болуымен жүзеге асырылды. Екінші жағынан, ол диктаторлық жүйелердегі ұлт құрылысы мемлекет ішіндегі басқа да этностардың мүдделерін шектеу арқылы жүріп жатты. Бұған мысал ретінде коммунистік КСРО-дағы, нацистік Германия мен Мао Цзедун басқарған Қытайдағы және Франко басқарған Испаниядағы үрдістерді атауға болады.

Ресей империясының орнына келген большевиктер «орыстандыру» сияқты кешенді шараларды қамтитын саясатты жүргізу арқылы ұлт құрылысын жүргізді. Бұл XIX ғасырлардағы еуропалық тәжірибелерге қарағанда күштеп жүзеге асыру сипатына әлдеқайда көбірек

ие болды. Ал нацистік Германия ұлт құрылысы процесіне басты фактор ретінде өздерінің «нәсілдік тазалығын» алға тартты. Қытай ханьдік қатаң тәртіптегі баспа, кітап, газет-журналдарда қатаң тілдік саясат жүргізу арқылы халықты біртекті қылды. Ал Франко бастаған испаниялық билік елдің ішіндегі каталондық және баск мұғалімдерін қуғындау арқылы, мектептерде тек испан тілінде ғана оқытты. Мемлекет ішінде бір елде бір ғана ұлт болу керек деген ұстаным болып, Испанияда да КСРО мен Қытай, Германиядағыдай ұлт құрылысы күшпен жүзеге асырылды.

Кейіннен XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік отарлау жүйесі күйреп, бұрынғы отар елдер ендігі жерде өздерінің тәуелсіздіктерін жариялап, егеменді ел бола бастаған соң олар осы ұлт құрылысы саясатымен бетпе-бет келгендері бар. Әсіресе XX ғасырдың 60-жылдары Африка елдері өз ішінде ұлт құрау қажеттіліктеріне тап болды. Сол уақыттан басталған бұл процестер кейбір африкалық елдерде әлі күнге дейін жалғасып жатыр деуге де болады.

Осындай жалғасып жатқан ұлт құрылысы процестеріне бұрынғы кеңестік елдердегі үрдістерді де жатқызақ қателеспейміз. Бұл елдерде кеңестік империяның шырмауынан шығып, өздерінің ішкі саясатында түрлі этносаяси мәселелерге тап болуда. Сондықтан да ұлт құрылысы саясаты кейбір ТМД елдерінде, соның ішінде Орталық Азия елдерінде түрлі формада көрініс табуда.

Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері қазіргі уақытта өзара байланысты екі майданда (сыртқы саясатта және ішкі саясатта) өзінің мемлекеттілік заңдылығын нығайту мүддесінде өз ұлт құрылысын жасайды. Алдымен барлық мемлекеттер сияқты, посткеңестік елдер сыртқы легитимділікке ұмтыла білді. Бұл әр елдің қазіргі аумағының бірден-бір қожайын иегері ретінде аумақтық ұлт меншігіне алу үрдісінен байқауға болады. «Ұлттық» (национализм) теоретиктері ұлттық аумақтық мемлекеттік құрылыс үшін маңыздылығын бірнеше рет атап өтті [35]. Аумақты ұлттың меншігіне айналдыру билік тарапынан басталады, бірақ уақыт өте келе ол ұжымдық сананың бір бөлігіне айналады. Ұлт

құрылысын қалыптастыруда ұлттық мемлекеттің аумағын анықтайтын шекаралар идеясы ғана емес, сонымен қатар тарихи жады бар географиялық ландшафт маңызды рөл атқарады [35]. Ұлттық мемлекеттерде ландшафт көбінесе ұжымдық сәйкестіліктің элементіне айналады, ал ұлттық территория мен топ-понимдер саяси және идеологиялық өлшемдерге ие болады. Белгілі бір ұлттың этносоцистік үстемдігін қалыптастыру «бөтен» халықтың саяси семантикасын өзгертіп, жекешелендірумен жүреді этноұлттық топтардың өз территориясын ұлттандырудың үш әдісін анықтайды:

1) Бұрыннан қалыптасқан қоғамдық жадтан бас тарту.

2) Оны сақтау.

3) Бұрыннан қалыптасқан жадты іріктеп жою.

КСРО құрамында болған тәуелсіз Орта Азия елдері сияқты Қазақстан мемлекет ретінде үшінші жолмен жүргені байқалады. Осылайша жаңа тәуелсіздік алған посткеңестік елдерде территорияны ұлттандыру немесе ұлттық территорияны қалыптастыру процесі жүргізілді.

Жалпы Орталық Азия халқының өз тарихнамасында шекара, аумақ, жердің қожайыны, иегері ретінде заңдастыру әрекетін, жерге деген көзқарасын ерекше екенін байқауға болады. Түрікменстандағы жылқының орны, Қырғызстанда Ыстықкөл, Өзбекстан рәміздерінің бірі ретінде мақта, Тәжікстандағы таулар, Қазақстанның шексіз даласы – осының барлығы Орта Азиялық ұлттығының жекелеген түрлерінің көркем бейнесі табылады. «Орталық Азия мемлекеттері үшін территория, жер, аумақ – ұлт орналасқан кеңістік ғана емес, ұлттық символдың, шабыттың негізгі байлық көзі. Оған ландшафт, климат, флора және фауна – барлығы жатады» [36]. Аумақ - ұлтты өз өлкесінің табиғатымен байланыстырады және адамдарға өз үйінде, ата-бабаларының жерінде, олар дүниеге келген және оларға тиесілі жерде өмір сүру сезімін береді.

Орта Азиялық посткеңестік елдер өздерінің тәуелсіздігін алысымен жаңадан ұлттық және мемлекеттік құрылысты қалыптастыруда кеңестік символдарды жаппай жоюмен айналысты. Посткеңестік елдер қалалар мен

көшелердің атын өзгертуден бастады. Коммунистік қоғам қайраткерлерінің есімдері бірте-бірте алмастырыла бастады. «Қала атауы» қоғамның дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған репрезентация жүйесі ретінде жұмыс істейді [37, б. 220]. Қаланың атауын өзгерту «Халықтың географиялық естелігін қайта қалыптастыруда биліктің қоғамдық жадты қайта жаңғыртуы» болып табылады [38, б. 328]. Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласының бұрынғы атауы Фрунзе болған. Қырғызстан тәуелсіздік алысымен, қалаға бұрынғы XIX ғасырдағы өз атауын берді. Тәжікстанның ірі қаласы Худжандтың бұрынғы атауы Ленинабад еді. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласының бұрынғы атауы Целиноград болатын. Бұл символдар ұлттар мен халықтың тарихи және ұлттық санасының қайта оянуына үлесін қосады.

Қазақстан ұлт құрылысында халықтың санасынан кеңестік қалдықтардан тазарту мақсатында кеңестік символдардан деидеологизациялаудан бастады. Қазақстандағы ұлт саясатының ерекшелігі ол елдің сыртқы және ішкі саясатқа, қоғамдық санаға байланысты екені байқалады. Ресми билік тарихты саяси және қоғамдық, экономикалық шешімнің кілті ретінде қарастырады. Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлт құрылысы мәселелері ел башылығының ерекше бақылауында болды. Қазақ халқының ұлт құрылысында негізгі ұйытқысы болатыны айтылады. Ұлт құрылысында негізгі бағытты билік элиталары беріп отырды. Қазақстанда жалғыз ұлт құрылысын «Мемлекет» қана іске асыру керек деген түсінік қалыптасты. Бұл жерде «мемлекет» - ұлт құрылысының бағытын беретін билік элиталарын айтамыз. Ұлт құрылысындағы негізгі міндеткерлікті мемлекет алғанын, жаңадан тәуелсіз алған елдерден немесе тоталитарлық режимнен демократиялық режимге өткен мемлекеттерден байқауға болады.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда аталған аргументтер мен фактілерді ой елегінен өткізе келе, осы зерттеу мәселесі бойынша төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, ұлт құрылысы мәселесі XIX ғасырдан бастап қазіргі күнге дейін әлем бойынша өзінің өзектілігін жоғалтпаған проблема. Оны зерттеу мен оған тарихи баға беру ғылыми тұрғыдан өте өткір мәселе. Оған қоса оны толыққанды зерттеу үшін пәнаралық байланыста ғана барынша жан-жақты зерттеуге болады. Әсіресе XX ғ. 90 жылдары өз тәуелсіздіктерін алған посткеңестік елдердің ұлт құрылысы мәселесін күрделендіре түседі.

Екіншіден, ұлт құрылысы мәселесіне қатысты әлемдік ғылымдағы іргелі теориялық зерттеулердің барлығы дерлік еуропацентристік көзқараста тұжырымдалғанымен, олардың құндылықтары мен ғылыми негіздемелерін жоққа шығара алмаймыз. Олар көбінесе әмбебап сипатта, яғни, жалпы әлемдегі ұлт құрылысына қатысты құбылыстарға дұрыс баға беруге қолданылады.

Үшіншіден, XIX ғасырдың орта шенінен басталған ұлт құрылысы саясатының мысалдарын талқылау арқылы оның, бір жағынан, өте күрделі екенін байқасақ, екінші жағынан, ол процестің сан алуан түрде жүзеге асырылатынын көреміз.

Әр елдің өзіндік ұлт құрылысы ерекшелігі болады. КСРО құрамында болған посткеңестік елдер үшін шекараларын заңдастыру, халықаралық аренада мемлекеттілігін дәлелдеу, кеңестік символдардың орнына мемлекет құраушы этностың символдарын қалыптастыру, тарихын қайта жазу маңызды болды.

Жер мен рух арасындағы байланыс Қазақстанның ұлт құрылысының негізі ретінде қарастырылады. Бұл интерпретация мемлекеттің автохтонды халқы – тарихи сабақтастықтың және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мемлекеттердің мұрагері ретінде көрсетеді. Осылайша «орасан зор» деп айтылған аумағымыз қасиетті ландшафт, ұлттың денесі ежелгі рухымен үйлесетінін көрсетеді. Ұлт құрылысында мемлекеттер өзіндік тарихнама қалыптастыруда, әсіресе көпұлтты қоғамда анағұрлым сақ және икемді болуға мәжбүр. Бұрынғы Кеңестік Орталық Азия мемлекеттері ұлт құрылысында этникалық топонимдерді пайдалануда гегемонистік тарихнамаға

және «этникалық ұлт» процесіне бейімділігі көрінеді. Сондықтан ұлт құрылысында мемлекет аумағында тұратын бүкіл халықты бір арнада болу өте күрделі іс. Демек, көп мәдениетті елдердің элиталары үшін қиын міндет тұр:

- Көпті, азды біртұтас ұлт құру.

- Бір елде тұратын этникалық топтарға бір-біріне деген өткен реніштер мен жеккөрушіліктерді ұмытып кетуге көмектесу.

Бұл тұжырым бойынша, көпұлтты мемлекеттер этностарға байланысты жүргізетін саясатын сақ, түрлі этностардың көзқарасын мойындап, мәселелерді ұшықтырмай, ренжітпей жасауына тура келеді.

Қазақстан қазақ тілді, орыс тілді қоғамды Кеңес үкіметінен мұра етіп алды. Сонымен қатар қазақтар арасында өз тілін жетік білмейтіндер бар еді. Осындай шарттарда Қазақстан үшін біріншіден алғаш тәуелсіздік алған жылдарда ұлт құрылысында қазақтар тарихнамада түбірлі «ұлт» және мемлекеттіліктің негізін құраушы ретінде дәлелдеу маңызды болды. Екіншіден этнотілдік қауымдастықтардың арасындағы балансты сақтауға тырысты. Бұл әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында этникалық және тілдік қарама-қайшылықтарды шиеленістірмеуге мүмкіндік берді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан ұлт құрылысында азаматтықтың инклюзивті моделін қабылдады. Оған сәйкес этносқа байланысты немесе қазақ тілін меңгеріп-меңгермегеніне қарамастан, Қазақстанда тұрып жатқан халықтың барлығына азаматтық автоматты түрде берілді. Эстония мен Латвия сияқты елдер кеңес кезеңінде келіп, қоныстанғандарға, азаматтық құқығын алуға айтарлықтай шектеулер қойды. Этникалық емес эстондықтар мен латыштар ұзақ және күрделі процедурасынан өтуі керек еді. Қазақстан мен Орталық Азияның басқа елдері азаматтығын шектейтін Балтық моделін ұстанбады. Тәуелсіздігін алған Қазақстан этносаралық татулық – саяси тұрақтылықтың кепілі ретінде өз ұлт құрылысын бекітті. Этностар арасындағы ынтымақтастықты халықаралық аренада, ішкі және сыртқы саясатта ұлттар достығының мызғымас үлгісі ретінде мақтаныш тұтты. Ұлттық

брендинг дискурсының бір бөлігі болды. Ресми билік этносаралық жанжалдар орын алған бұрынғы Кеңес елдеріне қарағанда, барлық этностық топтар бейбіт қатар өмір сүретін тұрақты және үйлесімді қоғам ретінде Қазақстанның имиджін белсенді түрде ілгерілетті.

Ұлт құрылысы мәселесі зерттелуі тиіс тақырып. Зерттеушілердің тұжырымдамаларын анализ жасау, әлемдік тәжірибедегі ұлт құрылысы, дамыған елдерде жүргізілген, бұрынғы отар болған елдердің ұлт құрылысын қарастырып, салыстырған абзал. Өйткені көп ұлтты елде «сәтті ұлт құрылысын» жүргізу терең зерттеуді, жоспарлауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.

2 Senggirbay, M. Ethnic Identity of Kazakhstanian Russians: The Dynamics of Change and the Place of Russia as a Kin State // Journal of Nationalism. – 2019. – № 13. – С. 67-89.

3 Айтымбетов Н.Ы. Ұлттық бірегейлік – Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасу факторы. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2015. – 124 б.

4 Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Түрегулов А. Эволюция политической системы Казахстана. – Алматы, 2011. – 533 с.

5 Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Экология культуры в национальных картинах мира. – Алматы, 2014. – 280 с.

6 Мұсатаев С.Ш. Қазақстандық жалпыұлттық идеяның азаматтық қоғам қалыптастырудағы рөлі // Саясат. – 2003. – №10. – 24-27 б.

7 Diana, T. Kudaibergenova The Use and Abuse of Postcolonial Discourses in Post-independent Kazakhstan // Europe-Asia Studies. – 2016. – №5. – P. 917-935

8 Асылтаева Э.Б. Қазақстан қоғамының демократизациялануы контекстіндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2013. – 142 б.

9 Байпаков К.М. «Известия национальной академии наук Республики Казахстан». Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан и задачи от-

ечественной археологии. К подготовке 10-ти томной истории казахов и Казахстан. Алматы, 2014. – 226 с.

10 Қойгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. – Алматы, 2009. – 448 с.

11 Masanov, N., Karin, E., Chebotarev, A., & Natsuko, O. The Nationalities Question in Post-Soviet Kazakhstan. – 2015. – №51. – Jetro, Istitute of developingeconomies. <https://www.ide.go.jp/English/Publish/Reports/Mes/51.html>

12 Аргынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов / Ред. кол. Е.М. Арын и р. – 2-ое изд., доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – С.242

13 Renan, E. What is a nation? In becoming national: A Reader, ed. G Eley, RG Suny, New York // Oxford Univ. Press. – 1882. – PP. 41-55.

14 Геллнер Э. Нации и национализм: Пер. с англ. / Ред. и послесл. И.И. Крупника. – М.: Прогресс, 1991. – 320 с.

15 Лях К.И. Функционалистская теория национализма Эрнеста Геллнера. Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики Тамбов // Грамота. – 2014. – № 11. – СС. 124-128.

16 Палат Мадхаван К. Наследие Эрика Хобсбаума // Идеи и идеалы. 2017. – №3 (33). – СС. 9-33.

17 Андерсон Б. Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма / Пер. с англ. В. Николаева; вступ. ст. С. П. Баньковской. — М.: Кучково поле, 2016. — 416 с.

18 Anderson B. Imagined communities: reflections on the origin and spread of nationalism // London; New York: Verso, 2006. – 240 p.

19 Брубейкер Р. Именем нации: размышления о национализме и патриотизме / Мифы и заблуждения в изучении империи и национализма (сборник). М.: Новое издательство, 2010. – С. 90-129

20 Альтерматт У. Этнонационализм в Европе. – М., 2000. – 366 с.

21 Mylonas, Harris. The Politics of Nation-Building: Making Co-Nationals, Refugees, and Minorities // New York: Cambridge University Press. – 2012. – p. 255.

22 Wimmer, Andreas. Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart, Lawrenceville // Princeton University Press. – 2017. – p. 375

23 Calhoun C. Social Theory and the Politics of Identity. – Blackwell, Oxford, UK, 1994. 350p.

24 Комаров Дж. Национальность, этничность, современность: политика самосознания в конце XX века // Этничность и

власть в полиэтнических государствах / отв. ред. Тишков В.А. – М.: Наука, 1994. – С. 35–70.

25 Хрох М. От национальных движений к полностью сформировавшейся нации: процесс строительства наций в Европе // Нации и национализм. – М.: Праксис, 2002. – С. 121–146.

26 Хабермас Ю. Европейское национальное государство: его достижения и пределы. О прошлом и будущем суверенитета и гражданства // Нации и национализм. – М.: Праксис, 2002. – С. 364–381.

27 Хобсбаум Э. Принцип этнической принадлежности и национализм в современной Европе // Нации и национализм. – М.: Праксис, 2002. С. 332–347.

28 Бауэр О. Национальный вопрос и социал-демократия. / Нации и национализм. – М.: Праксис, 2002. – С. 52–121.

29 Вердери К. Куда идут «нация» и «национализм»? // Нации и национализм. – М.: Праксис, 2002. – С. 297–307.

30 Tilly, C. The formation of national states in Western Europe. – Princeton, NJ: Princeton Univ. Press, – 1975. – p. 3-83

31 Hobsbawm, E.J. Nations and Nationalism since 1780: Programme, Myth, Reality. Cambridge University Press, 1990. – 205 p.

32 Michaopolous S., E. Papaioannou. The Long-Run Effects of the Scramble for Africa // American Economic Review. – 2012. -№(7). – p. 1802-1848

33 Duggan, C. The Force of Destiny: A History of Italy since 1796: Penguin Books, London, 2007. – 652 p.

34 Князева С.Е. Итальянский либерализм в эпоху Рисорджименто // Новый исторический вестник. – 2001. – №4. – сс. 99-108.

35 Smith A.D. When is a Nation // Geopolitics. – 2002. – №2(7). – P. 5-32.

36 Abashin, S. Nation-construction in post-Soviet Central Asia. Soviet and Post-Soviet Identities. M. Bassin, C. Kelly (eds.) // Cambridge University Press. – 2012. – P.150–168.

37 Palonen, E. The City Text in Post-Communist Budapest: Street Names, Memorials, and the Politics of Commemoration // Geo Journal. – 2008. – № 73(3). – P. 219-230

38 Azaryahu, M. The Power of Commemorative Street Names // Environment and Planning D: Society and Space. -1996. – № 14(3). – P. 311-333.

identity of Kazakhstan] / Pod obshh. red. Z.K. Shaukenovoj. – Almaty: Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies. KN MES RK, 2014. – pp. 168. (in Russ)

2 Senggirbay, M. Ethnic Identity of Kazakhstani Russians: The Dynamics of Change and the Place of Russia as a Kin State // Journal of Nationalism. – 2019. – № 13. – С. 67-89.

3 Aitymbetov N.Y. Ulttyk biregejlik – Kazakstannyn sajasi madenietinin kalyptasu factory. [National identity is a factor in the formation of the political culture of Kazakhstan]. Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD), 2015. – pp. 124. (in Russ)

4 Nysanbaev A., Mashan M., Murzalin Zh., Turegulov A. Yevoljucija politicheskoy sistemy Kazakhstana [Evolution of the political system of Kazakhstan]. Almaty, 2011. – pp. 533. (in Russ)

5 Dunaev V.U., Kurganskaja V.D. Yekologija kul'tury v nacional'nyh kartinah mira [Ecology of culture in national pictures of the world]. Almaty, 2014. – pp. 280. (in Russ)

6 Musataev S.S. Kazakstandyk zhalpyul'ttyk idejany azamatytk kogam kalyptastyrudagy roli [The role of Kazakhstan's national idea in the formation of civil society]. Politics, no 10, 2003. – pp. 24-27. (in Russ)

7 Diana, T. Kudaibergenova The Use and Abuse of Postcolonial Discourses in Post-independent Kazakhstan // Europe-Asia Studies. – 2016. – №5. – P. 917-935

8 Asylaeva A.B. (Kazakhstan kogamynyn demokratizacijalanuy konteksindegi azamatytk biregejliktin kalyptasu erekshelekteri [Features of the formation of civic identity in the context of the democratization of Kazakhstan's society] Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). Almaty, 2013. – pp. 142. (in Russ)

9 Bajpakov K.M. «Izvestija nacional'noj akademii nauk Respubliki Kazakhstan». Koncepcija stanovlenija istoricheskogo soznaniya v Respublike Kazakhstan i zadachi otechestvennoj arheologii [Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan". The concept of the formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan and the tasks of national archeology]. To prepare a 10-volume history of the Kazakhs and Kazakhstan. Almaty, 2014. – pp. 226. (in Russ)

10 Koigeldiev M.K. Stalinizm i represii v Kazakhstane 1920-1940-h godov [Stalinism and repression in Kazakhstan in the years 1920-1940]. Almaty, 2009. – pp. 448. (in Russ)

11 Masanov, N., Karin, E., Chebotarev, A., & Natsuko, O. The Nationalities Question in Post-Soviet Kazakhstan. – 2015. -№51. – Jetro, Istitute of developing economies. <https://www.>

Transliteration

1 Kadyrzhanov, R.K. Jetnokul'turnyj simvolizm i nacional'naja identichnost' Kazakhstana [Ethno-cultural symbolism and national

ide.go.jp/English/Publish/Reports/Mes/51.html
12 Argynbaev H.A. Istoriko-kul'turnye svyazi russkogo i kazahskogo narodov [Historical and cultural relations of the Russian and Kazakh peoples] Aryn, Astana, Altyn kitap, 2007. - pp. 242. (in Russ)

13 Renan, E. What is a nation? In becoming national: A Reader, ed. G Eley, RG Suny, New York // Oxford Univ. Press. - 1882. - PP. 41-55.

14 Gellner E. Natsii i natsionalizm [Nations and nationalism]: Per. s angl. / Red. i poslesl. I.I. Krupnika. - M.: Progress, 1991. - 320 s. (in Russ)

15 Lyakh K.I. Funktsionalistskaya teoriya natsionalizma Ernesta Gellnera [Ernest Gellner's functionalist theory of nationalism]. Istoricheskiye, filosofskiy, politicheskoye i yuridicheskoye nauki, kul'turologiya i iskusstvovedeniye. Voprosy teorii i praktiki Tambov: Gramota, 2014. - № 11 (49): v 2-kh ch. CH. I. ss. 124-128. (in Russ)

16 Palat Madkhavan K. Naslediye Erika Khobsbauma [Legacy of Eric Hobsbawm] // Idei i idealy. 2017. - №3 (33). ss. 9-33 (in Russ)

17 Anderson B. Voobrazhayemyye soobshchestva. Razmyshleniya ob istokakh i rasprostraneniye natsionalizma [Imagined communities: reflections on the origin and spread of nationalism] / Per. s angl. V. Nikolayeva; vstup. st. S. P. Ban'kovskoy. — M.: Kuchkovo pole, 2016. — 416 s. (in Russ)

18 Anderson B. Imagined communities: reflections on the origin and spread of nationalism / J. London; New York: Verso, 2006. - 240 p.

19 Brubeyker R. Imenem natsii: razmyshleniya o natsionalizme i patriotizme [In the Name of the Nation: Reflections on Nationalism and Patriotism] / Mify i zabluzhdeniya v izuchenii imperii i natsionalizma (sbornik). M.: Novoye izdatel'stvo, 2010. - S. 90-129 (in Russ)

20 Altermatt U. Etnonatsionalizm v Yevrope. [Ethnonationalism in Europe] — M., 2000. - 366 s. (in Russ)

21 Mylonas, Harris. The Politics of Nation-Building: Making Co-Nationals, Refugees, and Minorities // New York: Cambridge University Press. - 2012. - p. 255.

22 Wimmer, Andreas. Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart, Lawrenceville // Princeton University Press. - 2017. - p. 375

23 Calhoun C. Social Theory and the Politics of Identity. — Blackwell, Oxford, UK, 1994. 350p.

24 Komaroff Dzh. Natsional'nost', etnichnost', sovremennost': politika samosoznaniya v kontse XX veka [Nationality, ethnicity, modernity: the politics of self-consciousness at the end of the XX century] // Etnichnost' i vlast' v poletnicheskikh gosudarstvakh / otv. red. Tishkov V.A. — M.: Nauka, 1994. - S. 35-70. (in Russ)

25 Khrokh M. Ot natsional'nykh dvizheniy k polnost'yu sformirovavsheysya natsii: protsess stroitel'stva natsiy v Yevrope [From national movements to a fully formed nation: the process of building nations in Europe] // Natsii i natsionalizm. — M.: Praxis, 2002. - S. 121-146. (in Russ)

26 Khabermas YU. Yevropeyskoye natsional'noye gosudarstvo: yego dostizheniya i predely. O proshlom i budushchem suvereniteta i grazhdanstva [European Nation State: Its Achievements and Limits. On the Past and Future of Sovereignty and Citizenship] // Natsii i natsionalizm. — M.: Praxis, 2002. - S. 364-381. (in Russ)

27 Khobsbaum E. Printsip etnicheskoy prinadlezhnosti i natsionalizm v sovremennoy Yevrope [The principle of ethnicity and nationalism in modern Europe] // Natsii i natsionalizm. — M.: Praxis, 2002. - S. 332-347. (in Russ)

28 Bauer O. Natsional'nyy vopros i sotsial-demokratiya. [The national question and social democracy./ Nations and nationalism] / Natsii i natsionalizm. — M.: Praxis, 2002. - ss. 52-121. (in Russ)

29 Verderi K. Kuda idut «natsiya» i «natsionalizm»? [Where are "nation" and "nationalism" going?] // Natsii i natsionalizm. — M.: Praxis, 2002. - S. 297-307. (in Russ)

30 Tilly, C. The formation of national states in Western Europe. - Princeton, NJ: Princeton Univ. Press. - 1975. - p. 3-83

31 Hobsbawm, E.J. Nations and Nationalism since 1780: Programme, Myth, Reality. Cambridge University Press, 1990. - 205 p.

32 Michaopolous S., E. Papaioannou. The Long-Run Effects of the Scramble for Africa // American Economic Review. - 2012. - №(7). - p. 1802-1848.

33 Duggan, C. The Force of Destiny: A History of Italy since 1796: Penguin Books, London, 2007. - 652 p.

34 Knyazeva S.Ye. Ital'yanskiy liberalizm v epokhu Risordzhimento [Italian liberalism in the era of the Risorgimento] // Novyy istoricheskyy vestnik. 2001. - №4. - ss. 99-108 (in Russ)

35 Smith A.D. When is a Nation // Geopolitics. - 2002. - №2(7). - P. 5-32.

36 Abashin, S. Nation-construction in post-Soviet Central Asia. Soviet and Post-Soviet Identities. M. Bassin, C. Kelly (eds.) // Cambridge University Press. - 2012. - P.150-168.

37 Palonen, E. The City Text in Post-Communist Budapest: Street Names, Memorials, and the Politics of Commemoration // Geo Journal. - 2008. - № 73(3). - P. 219-230

38 Azaryahu, M. The Power of Commemorative Street Names// Environment and Planning D: Society and Space. -1996. - № 14(3). - P. 311-333.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

<i>Досжан Сагидолдаевич Калиев</i>	PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы., Қазақстан
<i>Аймар Вентсель</i>	Профессор, аға ғылыми қызметкер, Тарту университеті, Тарту, Эстония
<i>Досжан Сагидолдаевич Калиев</i>	PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
<i>Аймар Вентсель</i>	Профессор, старший научный сотрудник, Тартуский университет, Тарту, Эстония
<i>Doszhan Kaliyev</i>	PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
<i>Aimar Ventsel</i>	Professor, Senior Researcher, University of Tartu, Tartu, Estonia